**Автор**: Ескожина Самал Сембаевна
**Пән**: Қазақ әдебиеті
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Таза, мінсіз асыл сөз
**Тақырып**: «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы. Асан атаға хат

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.2.4.1.(А/И) Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу 5.3.2. 1.(Б/С)Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау |
| Сабақтың мақсаты: | Шығарманың маңызды тұстарын анықтап, өзінің әсерімен бөлісіп, авторға арнап шығармашылық жұмыс үлгісін жазады. Аңыз бен мен шынайы өмір арасындағы байланыстарды тауып,шығарма кейіпкерін шынайы өмірмен салыстырады. Аңыз тақырыбына және оның маңызына қатысты бірнеше бөлігін айқындайды. |
| Бағалау критерийлері: | - Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау |
| Пәнаралық байланыс: | Тарих, география |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі Ұйымдастыру «Есесіне мен» психологиялық тренингі өткізіледі. Мысалы: Мен өлкеміздегі тарихи орындарға барып көрмедім, есесіне мен Қаратөбе өлкесі туралы мәліметті көп білемін, Ой қозғау (Асан есіміне «қайғы» сөзінің тіркесіп келу себебін түсіндір.) | |

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Мағынаны тану 1-тапсырма. 1.«Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы бойынша жуан және жіңішке сұрақ құрастырады. Жұптары сұрақтың сауабын орындайды. Орындап болған соң, бір-біріне пікір айтады.  Жарайсың! • Мен сенің жұмысыңа ризамын.  Сен жақсырақ жұмыс істей алар едің 2-тапсырма . Сілтеме арқылы бейнематериалды тамашалап, төмендегі тапсырмалар бойынша жұмыс жүргізеді. 1.Асан Қайғы шынайы өмірдегі Арал теңізі туралы осы ақпаратқа қандай пікір айтар еді? Болжам негізінде өзіндік баға бер. Дескриптор - кейіпкердің ақпаратқа қатысты пікіріне болжам жасайды; - жасалған болжам негізінде өзіндік баға береді.- Асан қайғының сын айтқан бір жеріне таңдау жасап, сын жазады; - XXI ғасырдағы Асан қайғының рөліне енеді; 3-тапсырма: Асан қайғыға туған жерін таныстырып хат жазады.Қаратөбе ауданы туралы мәліметпен таныстырылады. Қаратөбе ауданы туралы мәлімет  БатысҚазақстаноблысының оңтүстік-шығысында орналасқан аудан. Аудан солтүстігінде облыстың Шыңғырлау, батысында Сырым, Ақжайық аудандарымен шектессе, оңтүстік-шығысында Атырау облысының Қызылқоға, шығысында Ақтөбеоблысының Ойыл, Қобда аудандарымен ортақ шекарасы бар.  Аудан аумағы Каспий маңы ойпатының солтүстік-шығыс жағында орналасқан, оның негізін Нарынқұм-Аққұмшағылдары құрайды. Орталық және оңтүстік бөлігі жалпы тегістік жерлер, солтүстікте тегіс, бірақ жекелеген ойпатты жерлер кездеседі.  Аудан аумағында Қалдығайты өзені ағып жатыр (жалпы ұзындығы 242 км, аудан шегінде – 130 км). Көлдердің жалпы ауданы 36,5 шаршы км құрайды, содан тұщы көлдер – 6,8 км.  Жері қара топырақты, ашық, сортаң топырақты. Аудан аумағы өсімдік жамылғысына қарай құмды-далалық аймаққа жатады. Солтүстік-шығыс бөлігінде әртүрлі-дәнді шөптер өседі, батыс бөлігінде – бидайық-дәнді шөптер өседі.  Аудан орталығы Қаратөбе кентінде орналасқан, Аудан орталығынан Орал қаласына дейінгі қашықтық – 260км.  Ауданда 9 ауылдық округ, 22 елдімекен бар. - Дескриптор  Хат құрылымын сақтайды  Тақырыпты ашады  Көркемдегіш құралдарды орынды қолданады  Мақал-мәтелдер пайдаланады. Оқушыларға пайдалануға мақал-мәтелдер көрсетіліп тұрады  (Туғанжердіңауасы да шипа, Туғанжердіңжуасы да тәтті. Туғанжердіңжусаныжұпар Әркімніңөзжері — жұмақ.  Туғанжер – тұғырың, Туған ел – қыдырың. Туғанжерге туың тік.) | |
| Сабақтың соңы | Екі жақты күнделік Асан қайғы аңызындағы жер-су сипаттамасы Бүгінгі таңдағы мекен, жер-су сипаттамасы | |